



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

MATERIALDARY

I KİTAP



I КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА
**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

Абай шығармаларын жастарға ұғындыру, терең ойлы лирикасына сүйсіндіру – ұстаздың парызы. Өмірде кездесетін сұрауларға Абайды оқып, жауап алуға болады, туындаған мәселелердің шешімін табуды да үйретеді десек асылық емес. Жас ұрпаққа Абай шығармашылығы оқытып қана қоймай, философиясын насихаттау арқылы «рухани тазаруға» болады. «Адамзаттың бәрін сүйетін» жан өзге адамдардың тілі мен ділін мансұқтамайды, қарап отырсақ, жер бетіндегі ұлтаралық қақтығыстар, бірін-бірі алдау - арбау сол жандардың адами құндылықтарға зәру екендігін көрсетеді.

«Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды». Түркілердің тағы бір ерекшелігі – олар ағылшындар мен голландтықтар және испан конкистадорлары сияқты өздері жаулап алған жердегі халықтарды жаппай қырып-жойып, геноцид жасаған жоқ. Себебі, түркілер алдымен үлкенді сыйлап, аруаққа тағзым еткен және зұлымдық дегенді білмейтін табиғат діні Тәңірге табынса, соңынан адамды ұлты мен нәсіліне бөлмей, барлығын ағайын деп қарайтын [3].

Професор Мекемтас Мырзахметтің айтуынша, адамгершілік пен пен ізгілік ілімі қазақ жерінде қалыптасқан, ғалым осы «ұлттық кодты» қазақтың бойындағы асыл қасиеттер - ізгілік, адамгершілік, рақым екенін көрсеткен. «Бір жылдығын ойлаған бидай егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді, мың жылдығын ойлаған ізгілік егеді» деген халқымыз отбасында жас ұрпақ пен аға буын арасында, жақын, ағайын-туыс қарым-қатынасы арасындағы асыл қасиеттердің маңызын түсінген. Осы қағиданы бала бойына сіңіруден жалықпаған дана халқымыздың көрегендігі, міне, осында жатыр.

Шынында, халқымыз бір үзім нанды бөліп жеп, ешқашан адам баласын жатсынбаған, бөтенсінбеген. «Абай жолы» романында жатақтардың асыл азаматы Базаралы ауылдағы жоқшылыққа қармай, кедей орыс переселендері Афанасий, Дарья, Феклаларды туған бауырындай қарсы алып, туғандарының ауызынан жырып, жалғыз марқасын сойып, қонақ еткені осыған дәлел. «Қазақ осы: Қарасың ба, қоңырсың ба, ақсың ба, – жатырқауды білмейтін» деген өлең жолдары халқымыздың бойындағы асыл қасиеттерді айғақтайды. Қадір Мырзалиевтің «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» деген өлеңі «ұлттық код» не деген сұрақтың толық жауабы іспеттес. Бұл ұғымға қазағымыздың кең пейілділігі, дарқан мінезі, өнерді бағалап қастерлеуі, ұрпағымыздың бойында ізгі қасиеттер қалыптастыратын салт- дәстүрі - бәрі сыйып тұр.

Біздің әдебиетіміз бен мәдениетіміз, салт – дәстүріміз бен өнеріміз - рухани жаңғырудың сарқылмас қайнары. Жастар сол қайнар бұлақтан тәлім алып, өзіне қажет рухани азықты таба білсе, өмір бой ізденімпаз, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасады. Ал ондай тұлға алдамшы мансап пен байлыққа қызықпай, өмірде өз орнын таба білері анық.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – БОЛАШАҚҚА ТАБЫСТЫ ҚАДАМ

Акижанова Асель Жаксыбаевна,
НиязбаеваБотагозБакытжановна,
М.Қозыбаев атындағы №23 ОМ

Аннотация

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қазіргі қазақ қоғамының алдына айрықша маңызды мәселелерді қойды. Соның ішінде қазақ тілінің 2025 жылы латын қарпіне көшірілуі игі қадам. Мұндай қадам отандық ғылымның жаңа көкжиектерін ашады, жаһандық ғылыми өлшем базаларына тезірек кіруге мүмкіндік тугызады. Өйткені адамзаттың көп бөлігі құрылымы латын графикасына негізделген латын таңбасын қолданады. Бүгінде дүниежүзіндегі аса өзекті ақпараттар ағымының 70 пайызы латын графикасымен беріледі. Латын әліпбиіне көшу түркі тілдес елдерді

жақындастыратын маңызды шешім. Латын әліпбиіне ауыса отырып тіліміз халықаралық деңгейде зор мәртебеге ие болады.

Аннотация

Идея перехода казахского языка на латинскую графику была озвучена Президентом Республики Казахстан Н.Назарбаевым еще в 2006 году на 12-й сессии Ассамблеи народов Казахстана, но особую актуальность она обрела после публикации в апреле 2017 года статьи главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». В ней Лидер страны поставил ряд конкретных задач, нацеленных на духовное обновление нации. Переход казахского языка на латиницу открывает новые возможности для доступа к самым современным достижениям науки и техники.

Abstract

The idea of transition the Kazakh language to the Latin graphic was announced by the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev in 2006 at the 12th session of Kazakhstan People's Assembly, but it acquired particular relevance after the publication in April 2017 of the head of state's article "Looking into the future: modernization of public consciousness".

The country's leader set a number of specific tasks aimed at the spiritual renewal of the nation. The transition of the Kazakh language to the Latin alphabet will open up new opportunities for access to the most modern achievements of science and technology.

Кілт сөздер: мақала, латын әліпбиі, Жолдау, мемлекет, білім, болашақ, өзекті.

Ключевые слова: статья, латинский алфавит, Послание, государство, образование, будущее, актуальный.

Key word: article, latin alphabet, message, state, education, future, current.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халқымыз үшін стратегиялық маңызы зор бағдарламалық еңбегінде бірқатар маңызды міндеттерге, қазақ елінің болашағын кемелдендіруге қатысты өзекті мәселелерге баса назар аударылғаны мәлім. Мұнда ол басты мақсатымыз – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін санамыз ісімізден озып жүруі, яғни ой-сана күнделікті өмір талабына сай рухани тұрғыда жаңғырып отыруы қажет екенін, бұл еліміздегі саяси және экономикалық жаңаруларды толықтырып қана қоймай, солардың өзегіне айналуы керектігін ерекше ескертті.

Әрине, осынау бағдарламалық құжаттағы тарамдалып жіктелген өзекті міндеттердің қай-қайсысы да еліміз үшін аса маңызды екені айтпаса да белгілі. Алайда білім-ғылым саласының өкілі болғандықтан бізге ең алдыменосы мақаладағы білім мәселесіне арналған «Білімнің салтанат құруы» атты арнайы бөлімінің орны ерекше деп ойлаймыз. Өйткені мұнда Елбасы әр жылғы халыққа арнаған Жолдаулары мен басқа да еңбектерінде, сөйлеген сөздерінде айтылған ордалы ойларың жаңа қырынан дамытып, ел руханиятына байланысты тың ұсыныс-пікірлерін ортаға салады.

Мақаланың алғашқы тарауларында айтылатын ұлттық, қоғамдық сананы жаңарту туралы мәселелер таяу жылдары атқарылатын нақтылы жобаларды жүзеге асыруды талап ететіні, осыған орай алдағы жылдарда қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру мәселесін сөз етеді. Бұл жауапты іс-шара да оқу-білім ісімен тікелей байланыста орындалатыны еш дәлелдеуді қажет етпейді. Мұны яғни латын жазуына көшу жайын Елбасы сонау 2006 жылы Қазақстан халқы ассамблеясының мәжілісіне қатысып, сөйлеген сөзінде ресми түрде алғаш әңгіме еткен болатын. Сонда ол: «Латын әліпбиін қарайтын кез келді. Бұл мәселені кезінде кейінге қалдырған едік. Қалай болғанда да, латын әліпбиі бүгінде телекоммуникациялық салаларда басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан да бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігінің латын әліпбиіне көшуі де кездейсоқ емес. Мамандар осы мәселені зерттеп, нақты ұсыныстар жасауы тиіс» деген еді. Ал арада алты жыл өткен соң 2012 жылғы желтоқсан айында жарық көрген «Қазақстан-2050» стратегиясында Мемлекет басшысы бұл тақырыпқа қайта оралып, «2025 жылы Қазақстан латын әліпбиіне көшеді» деп нақтылап айтқаны жұртшылық

назарында. Президент Н.Ә.Назарбаев бұл мәселеге одан бері де бірнеше рет оралып, ел болашағы үшін өзекті мәселеге айрықша көңіл бөліп келеді.

Әліпби таңдау ұлт тарихының өзегі болатын тарихи шешім. Өткенге зер салсақ, қазақ өзінің дамуында бірнеше жазу мен әліпбиді игерді. Тек ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы «Араб графикалы қазақ әліпбиі», «Кирилл графикалы қазақ әліпбиі» жазу реформалары сөзіміздің дәлелі.

Қазіргі инновациялық қоғам қарекеті мамандыққа деген инновациялық көзқарасты, әлемдік стандартқа сай болуды әрі болашақта латын әліпбиіне көшуді талап етіп отыр. Латын әліпбиі реформасы қазақ тілінің халықаралық ақпараттық кеңістікке кірігуінің тиімді жолы боларына үміт мол. Себебі, латын әліпбиі әлемдегі ең танымал, ең көп қолданылатын жазулардың бірі болып саналады. Мәселен, әлемнің 100-ден аса мемлекеті латын әліпбиін қолданса, жаһандағы өзекті ақпараттардың 70 пайызы осы әліпбиімен беріледі екен.

Тарихқа жүгінсек, 1912 жылы Ахмет Байтұрсынов араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуына алғаш реформа жасап, қазақ тілінің басқа түркі тілдерінен даралығын анықтап, ұлттың өзіне тән дыбыстық иүнін танытатын таңбаларды әліпбиге енгізген. Қазақ жазуы тарихында «жаңа емле» (төте жазу) деп аталған бұл әліпби 1913 жылдан бастап қолданылды. 1929 жылы қоғамдағы саяси – әлеуметтік өзгерістердің салдарынан Кеңес үкіметі құрамындағы түркі халықтары латын әліпбиіне көшірілді. Халел Досмұхамедов мемлекет қайраткері ретінде қазақ тіліне үйлестіріп латын әліпбиін жасады. Ал 1940 жылы, сол кездегі Кеңес одағы халықтары үшін біртекті әліпби қолданысқа енгізілді. Орыс тілінде жоқ қазақ тілі дыбыстарының таңбалары кирилл таңбаларына ұқсастырылып, к, г, о, н әріптерінің сұлбасына сызық түсіру арқылы қ, ғ, ө, ң қазақ әріптері қосылды. Осылайша 42 әрпі бар қазақ әліпбиі жасалып, қазіргі таңда бұл ең көп әріптен тұратын әліпби болып саналады. Кирилл әліпбиіне негізделген бұл әліпби ұзақ жылдар жадымызда жатталғанымен, әлемдік аренаға шыққан мемлекетіміздің төл әліпбиі болуы керектігін заман талабы айқындап отыр.

Әлемдік тәжірибеге үңілсек, латын әліпбиін көптеген мемлекеттер «экономикалық тұрақсыздық», «тоқырау», «өтпелі» кезеңдерінде қабылдағанын көреміз. Қазақстан өзінің «өтпелі» кезеңінде бұдан да батыл, саяси жігерлі шешімдер қабылдағаны белгілі. Әрине жаңа іске сыншы табылады. Мемлекетіміз өз астанасын ауыстырғанда, бұған да күмәнмен қараушылар табылғаны есте. Алайда, алынбайтын қамал, аспайтын асу болмайтынын уақыт дәлелдеді. Сондықтан, еліміздің «рухани жаңғыруының» негізі болып табылатын латын әліпбиі реформасын халық арасында кеңінен талқылау, түсіндіру, қолдау шараларына атсалысу біздің міндетіміз.

Елбасының жыл сайынғы Жолдаулары мен бағдарламалық мақалалары өзара іштей сабақтасып, Қазақ елінің мемлекет ретінде өркендеуінің басым бағыттарын үнемі белгілеп отырады. Бұл орайда біз Жолдауда айтылған мәселелерді оның «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласымен сабақтастырып, дамуымыздың жаңа мүмкіндіктері мен жаңа көкжиектерін барлағанымыз жөн.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ұлтымызды сақтау мен өркендету үшін, біздің ойымызша, Елбасы екі үлкен дәуірлік мәселені көтерген десек, біріншісі – төл дәстүріміздің өміршең тұстарын заманауи сұраныстармен сабақтастыру, екіншісі – бүкіл адамзат баласына ортақ жаһандану үдерісінің өзіміз үшін тиімді тұстарын игеру. Әлбетте біз ең алдымен төл дәстүріміздің өміршең тұстары дегенде, бар дәстүрімізді, жалпы мәдениетімізді, тұтас ұлтымызды сақтаушы ана тілімізді айтамыз. Жаңа жаһандану заманында тіліміздің ұлтты сақтайтын қоғамдық хәм рухани құралы ретіндегі барлық алғышарттары мен мүмкіндіктері бар. Біріншіден, оның сөздік қорынан, бейнелілігінен, стилистикалық мүмкіндіктерінен құралған үлкен әлеуеті бар. Екіншіден, қазақ тілінде сөйлеушілердің саны сан миллиондап саналады, айталық қазір әлемде 16 миллионға жуық қазақ бар десек, соның кем дегенде 11-11,5 миллионы

өзінің ана тілін біледі. Яғни бұл тілді қажет ететіндердің саны қазіргі ғаламдық өлшеммен алғанда жоғары. Үшіншіден, қазақ тілі – Конституция бойынша мемлекеттік тіл. Бұларға қосымша қазақ тілі қоғамның барлық саласында қолданылады, яғни білім мен ғылымның, қоғамдық қатынастың, бизнес пен биліктің тілі. Осындай мүмкіндігі зор тілді сол қоғамның барлық саласында жетекші тілге айналдыру мәселесі тұр. Бұл реттен келгенде, тіліміз өз елінде әлі де осындай жетекші функцияға айналды деп айта алмасaq керек.

Рухани жаңғырудың өзегі – қоғамдық сананы жаңа сапаға көтеру десек, онда тілдің осындай үлкен мақсатты шешетін әлеуетін назардан тыс қалдырмауға болмайды. Тіл – тек қарым-қатынас құралы болса, онда өркениетті әлемде оған онша мән де, мақсат та үстемелемес еді. Тіл тек қатынастық құралдан да жоғары құбылыс.

Қорыта келсек, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-шараларын жүзеге асыру жұмысы оқу-біліммен, ғылыммен тығыз байланыста атқарылатын жүйелі үдеріс. Мұны күнделікті өмір тәжірибесі көрсетіп келеді.

Елбасы Н.Назарбаев айтпақшы: «Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс... Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр».

Олай болса, біздің ендігі жердегі мақсатымыз – осы мүмкіндікті пайдаланып қалу болмағы ләзім дейміз.

Тоқсан ауыз тобықтайтүйіні, Елбасының латын әліпбиіне көшу бастамасын Қазақстан модернизациясының кезеңінен бастайтын бағыт деп тануға әбден болады. Әмбебап халықаралық латын әліпбиін қолдану батысшыл бағыттық белгісі емес. Керісінше, латындырылған саясатында Қазақстанның әлемдік ақпараттық және білім кеңістігінен енген, дүниежүзілік қауымдастықтың мүшесі ретіндегі дамуының басым бағыты жатыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дөнқабак О., Дәуір дүлдүлдері.- Алматы, 2012. -12 б.
2. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 2014. – 400 б.
3. Шонанұлы Т. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2017. – 256 б.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ –ЖАС ҰРПАҚҚА САЛЫНҒАН САРА ЖОЛ

Алгожина Толкын Шагировна
Қостанай қаласындағы М.Хәкімжанова
атындағы №20 орта мектептің
оқу-ісі жөніндегі орынбасары
Искакова Анар Кабдрахмановна
Қостанай қаласындағы М.Хәкімжанова
атындағы №20 орта мектептің
математика пәнінің мұғалімі

Аннотация

Қазір дүние күн санап өзгеруде. Дүние өзгерген сайын біз де өзімізді өзгертуіміз керек. «Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек», - деген болатын Елбасы Н.Ә. Назарбаев үстіміздегі жылы жарияланған «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» тақырыбындағы мақаласында. «Егер жаңғыру елдің ұлттық – рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», - деп көшбасшымыз дөп басып айтты.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58